


**Қазақстан аумағы бойынша 2026 жылдың тамыз айына арналған ауа райы
болжамына түзету**


Тамызда орташа айлық ауа температурасы республиканың көп бөлігінде *нормадан 1°C-қа жоғары*, Батыс Қазақстан, Атырау, Маңғыстау, Солтүстік Қазақстан облыстарында, Ақтөбе, Қостанай, Ақмола, Павлодар облыстарының басым бөлігінде, Қарағанды облысының қиыр солтүстік-батысында *норма шамасында* күтіледі.

2026 жылдың тамыз айындағы күтілетін орташа айлық ауа температурасының нормадан ауытқуы



Тамыз айында жауын-шашын мөлшері республиканың көп бөлігінде *норма шамасында* күтіледі, Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Ақмола облыстарының қиыр солтүстігінде, Қостанай облысының батысы мен солтүстігінде, Солтүстік Қазақстан және Шығыс Қазақстан облыстарының басым бөлігінде, Павлодар облысының солтүстік-шығыс жартысында, Абай облысының солтүстік-шығысы мен оңтүстік-шығысында, Алматы облысы мен Жетісу облысының оңтүстік-шығысында *нормадан көп*, Қызылорда, Түркістан облыстарында, Маңғыстау облысының басым бөлігінде, Ақтөбе облысының оңтүстік жартысында, Ұлытау облысының оңтүстік-батыс жартысында, Жамбыл облысының батысында жауын-шашын мөлшері *нормадан аз* болады деп күтіледі.

2026 жылғы тамыз айындағы күтілетін жауын-шашын мөлшерінің нормадан ауытқуы



Гидрометорталық директоры



М. Шмидт

АРҰМББ басшысы



Ж. Исабекова

✉ *Исабекова Ж, 2 санатты инженер-синоптигі Төлепберген А.*

Аударған техник Смағұлова Л..

☎ 8 (7172) 798-395

31.07.2026 ж.